*№38 қазақ орта мектебі*

# *2021-2022 оқу жылының әдістемелік жұмысының жылдық талдауы*

## 2021-2022 оқу жылының әдістемелік жұмысының жылдық талдауы

1.Мектеп проблемасы,оқу жылы тақырыбы,мақсат-міндеттері,олардың шешілу жолдары.
2021-2022 оқу жылында №38 мектептің проблемасы «Білім алушыны өз бетімен ізденуге үйрету және олардың шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін жетілдіру»
2021-2022 оқу жылында №38 мектептің әдістемелік қызметі «Жаңартылған бағдарламаны енгізуде мұғалімдердің кәсіптік шеберлігі мен құзыреттілігін қалыптастыру арқылы білім алушыны өз бетімен ізденуге үйрету және олардың шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін жетілдіру» тақырыбымен жұмыс жасады.
Мектептің өзекті мәселесі: 2017-2018 оқу жылында 5 жылға белгіленді.
Мәселенің жүзеге асуының кезеңдері:
І кезең: 2017-2018,2018-2019 о.ж. педагогтардың кәсіби біліктілігі мен теориялық деңгейін көтеру,технологияның жаңа түрлерін зерттеу. Білім алушыны өз бетімен ізденуге үйрету.
ІІ кезең:2019-2020,2020-2021,2021-2022 о.ж. білім беру саласындағы озық педагогикалық технологияларды жинақтау,тарату. Білім алушының шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін жетілдіру.
**Мақсат:**Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде,оларды шығармашылық әрекетке баулуда білім беру саласындағы жаңалықтар мен озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу,жинақтау,тарату,педагогтардың кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру.
**Міндеттер:**

1. Баршаға бірдей сапалы білімге,үздіксіз білім беру ресурстары мен технологияларына қол жеткізу.
2. Білім алушыны өз бетімен ізденуге үйрету және олардың шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін жетілдіру
3. Әр оқушының өз қажеттілігі мен мүмкіндігіне сай білім алу құқығын қамтамасыз ету.
4. Жаңартылған бағдарламаны енгізуде мұғалімдердің кәсіптік шеберлігі мен құзыреттілігін қалыптастыру
5. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін қамтамасыз ететін әдістемелік қызмет моделін жетілдіру.
6. Дарынды балалармен мақсатқа бағытталған жұмысты жүйелі түрде жалғастыру
7. Педагог кадрлардың өздігінен білім алуын, оның шығармашылық өсуін ұйымдастыру және жетілдіру
8. Педагогтардың сабақтарына 7 модульді ықпалдастыру

**Күтілетін нәтиже:**
1. Оқушының тұлға ретінде дамуына тиімді деңгейде қол жеткізу
2. Мұғалімнің және оқушылардың шығармашылық қасиеттерін жетілдіру
3. Педагогтардың үздіксіз білім алуы.

Педагогикалық құрам мен білім алушылардың жеке көрсеткіштерінің есебі толығымен жүргізіледі. Білім алушылардың тоқсандық және жылдық білім сапасы мен үлгерімнің көрсеткіштері, мұғалімдер мен оқушылардың сайыстар мен ғылыми жұмыстарға қатысу нәтижесінің сандық, пайыздық үлесі туралы мәліметтері бойынша мониторингтер жүргізілген. Әкімшілік жұмыстарының талдаулары соңында кемшіліктері мен ұсыныстары келтірілген.
Жоғарыда белгіленген әдістемелік тақырыпты,мақсат-міндеттерді шешу жолында төмендегідей нақты жұмыстар атқарылып, нақты нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Мұғалімдердің кәсіби әдістемелік біліктілік деңгейін арттыруда барлығы 21 мұғалім облыстық мұғалімдердің біліктілігін арттыру институтынан курстан өтті, бұл ұжымның 30 % құрайды. 14 мұғалім аттестаттаудан және қайта аттестаттаудан өтті.

2. Деңгейлік бағдарламаның оқыту үрдісі қалыптасып,оқушылар жаңаша топпен жұмыс жасау әдісіне бейімделе бастады.Мұғалімдер өз сабақтарында түрлі әдіспен топқа бөлу,топтық тапсырмаларды тиімді пайдалана бастады.
3. Жобасын тиімді шебер қолданудың нәтижесі мектепішілік, қалалық, облыстық семинарлар, ашық сабақтар, кластан тыс шаралар онкүндіктерінде үлгі, озат тәжірибе есебінде көрсетіліп, көз жеткізілді.
4. Ізденімпаз, шығармашыл ұстаздарымыз А.Қайбалдина, К.Ізбасова,К.Дуйисова, П.Мадетхан,Р.Аккожина,Б.Турмаханова,Г.Оразалы, З.Турлыбекова,Л.Асимбетова, Ж.Айпанова, К.Дуйисова,А.Мұстафина, А.Калиева,Э.Кузбаева,А.Жайлышева, Г.Кемединова,Г.Сырлыбаева,Б,Куатова, Б.Тлегенова,Б,Берниязова, Г.Жугунусова баяндама, үздік сабақ жоспарлары республикалық, халықаралық басылымдарда жарық көрді.
5. Дарынды балалармен жүйелі жұмыстың арқасында нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Мектеп оқушылары пәндік олимпиада,КҒА-да қалалық, облыстық, республикалық деңгейде жүлделі орындарға ие болды.
6. Мақсатты түрде химия,физика, информатика, мультимедиялық, алғашқы әскери даярлық кабинеттерінің әдістемелік материалдық базалары толықтырылып, нығайтылды, әдістемелік көмекші құралдарымен молайтылды.
7. Әр жұмысты мақсатты түрде орындаудың нақты нәтижесі, сапасы талдау барысында көрінеді.

Мектептің әдістемелік жұмысы әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер, шығармашылық топ, жас мамандар мектебі, «Жас дарын» орталығы негізінде жүргізіледі.

Әдістемелік жұмыс жоспары мектептің жылдық жоспарымен байланыстырыла төмендегідей бағыттарды қамтыды:

1. Әдістемелік кеңес
2. Семинар,апталықтар, ашық сабақтар, кластан тыс шаралар
3. Жаңашылдық жұмыстар
4. Педагогикалық іс-тәжірибелерді тарату, жинақтау. Өз білімдерін жетілдіру.
5. Жас мамандармен жұмыс
6. Дарынды балалармен жұмыс
7. Аттестация
8. Оқу үрдісіндегі әдістемелік шаралар.

Мектепте 9 әдістемелік бірлестік жұмыс жасайды: қазақ тілі ӘБ, шет тілі ӘБ, орыс тілі ӘБ, математика, физика, информатика ӘБ, жаратылыстану ӘБ, эстетикалық пәндер ӘБ, дене шынықтыру ӘБ, бастауыш сынып ӘБ, тарих, құқық ӘБ.

ӘБ-дің жетекшілерінің бәрі де жоғары білімді, педагогикалық еңбек өтілі талапқа сай. Оқу жылының барысында ӘБ жұмысы жоспарлы жүйелі түрде жүзеге асты. Оның ішінде пән бойынша тексеру, бақылау жұмыстарын алу, оқу техникасын тексеру, тілдер айлығы, сарамандық, бақылау диктанты, жұмыс дәптерлерінің жүргізілу деңгейлерін бақылау.

Мәнерлеп оқу сайыстары, олимпиада, байқаулар, көрмелер, спартакиадалар – мұның бәрі ӘБ мүшелерімен жүргізілген жұмыс. Әр жасалған жұмыс қорытындыланып, материалдар жинақталды. Қайсыбір шараның да оқу тәрбие үрдісіндегі маңызы жоғары болды, себебі сол шаралар арқылы мұғалім өзіне тәжірибе жинаса, өз шеберлігін арттырса, ал оқушылардың дүниетанымы кеңейіп, шығармашылық қабілеттері дамыды, өз бетімен жұмыс жасауға төселді, жауапкершіліктері артып, адамгершілік қасиеттері қалыптасты. Әр оқу жылының басында әдістемелік кеңесте мектеп мұғалімдерін Білім беру министрлігінің нұсқау хатымен таныстыру жұмысы жүргізілді. Мектеп мұғалімдерінің тақырыптық-күнтізбелік жоспарлары әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес құрылған.

## 2. Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы

2021-2022 оқу жылында №38 орта мектепте педагог кадрлардың саны – 70. Оның ішінде 62 мұғалім жоғары білімді маман, ұжымның 89 %, ал 8 мұғалім арнаулы орта білімді, яғни 11 %. Мектеп кадрлармен толық қамтамасыз етілген. Мұғалімдердің барлығы педагогикалық білімді.

Санаттары бойынша 2021-2022 оқу жылында жоғары санатты - 4 (6%), зерттеуші – 20 (28%) бірінші санатты -4 (6%),сарапшы – 4 (6%), екінші санатты- 5 (7%) модератор -12 (17%), санаты жоқ мұғалім -21 (30%).

**Аттестация, қайта аттестациялау**

2021-2022 оқу жылында №38 орта мектептің аттестациялау комиссиясының отырысында педагог-зерттеуші,педагог-сарапшы,педагог-модераторға үміткер 7 мұғалімнің өтініші қаралды.

Мектеп бойынша 2021 жылдың тамыз айында педагог-зерттеуші санатына өтініш білдірген 3 мұғалім (Уразова Э –орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Мустафина А - қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Шакирова Г-көркем еңбек пәні мұғалімі), педагог-модератор санатына өтініш білдірген 6 мұғалім (Жугунусова Г - ағылшын тілі пәні пәні мұғалімі,Жоламанов Е –математика пәні мұғалім,Омарова Г-бастауыш сынып мұғалімі, Қасымқызы Т-дене шынықтыру пәні мұғалімі, Есен Ж-бастауыш сынып мұғалімі, Сагынова Б-бастауыш сынып мұғалімі) санаттарын 2021 жылдың тамыз айында алды.2021 жылдың желтоқсан айында педагог-зерттеуші санатына өтініш білдірген 3 мұғалім (Дуийсова К-физика пәні мұғалімі, сырлыбаева г-бастауыш сынып мұғалімі, Сейіт Р-мектепалды даярлық тәрбиешісі),педагог-модератор санатына өтініш білдірген 10 мұғалім (Кшаева Ж-бастауыш сынып мұғалімі, Айсағалиқызы Р-орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,Бердібекұлы М-дене шынықтыру пәні мұғалім,Абдуллина Айгерім –информатика пәні мұғалімі, Утекеева Ару-қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Ержанова С-бастауыш сынып мұғалімі,Хусайын А-биологя пәні мұғалімі,Олжабаева Д-математика пәні мұғалімі,Сүлейменова А-математика пәні мұғалімі, Есекен А- математика пәні мұғалімі ) өтініш білдірген санаттарын 2021 жылдың желтоқсан айында алды. 2021-2022 оқу жылында аттестациядан өтіп, өзінің біліктілік деңгейін көтерген мұғалімдер белгілі бір деңгейде жыл бойы мақсатты түрде нәтижелілікті көздеп жұмыстанды.

**2. Педагогикалық және әдістемелік кеңестің әрекет етуі және тиімділігі**

Мектеп проблемасын басшылыққа алып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу мақсатында әдістемелік кеңестің күн тәртібіне өзекті мәселелер қойылды. Әдістемелік кеңес жыл бойы жоспарға сәйкес 5 рет өтті. Күн тәртібіндегі мәселелер:

- Әдістемелік жұмыстың жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру, бекіту.
- Әр тоқсан бойынша жүргізілген әдістемелік жұмыстардың деңгейі.
- Мектепішілік олимпиада жеңімпаздарын қалалық олимпиадаға ұсыну.
- Кешенді бағдарлама бойынша жұмыс деңгейі.
- ӘБ жұмысының жылдық есеп талдауы, жылдық жұмысты қорытындылау.
- Жаңа технологияның қолданылуын зерттеу.

Оның ішінде мектепішілік олимпиада нәтижесі, аттестаттау мәселелері,озат тәжірибелі ұстаздардың қолданып жүрген әдіс-тәсілдерінің тиімділігін тарату мақсатында математика бірлестігінің қалалық,жаратылыстану бірлестігінің облыстық семинарларын өткізу болды. Мектеп әкімшілігінің тұжырымдауынша, мектеп көлемінде өткізілген онкүндіктер, сыныптан тыс шаралар, ашық сабақтар, семинарлар, тыңдалған баяндамалар, дарынды балалармен жеке жұмыстар арқылы пән мұғалімдері оқушылардың шығармашылықпен ойлау қабілеттерін дамыта отырып, өз бетімен ізденіс үстінде жеке тұлға ретінде шығармашылық деңгейде қалыптасуына жол сала білді. Оқу үрдісінде әдістемелік тақырыпқа сүйене отырып, әр мұғалім оны өзінің жеке тақырыптарымен ұштастыру негізінде жүзеге асыру үшін жеке оқушымен жұмыс, әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, икем дағдысына сай шығармашылықпен ой түйе білетін жеке

тұлғаның жұмыс жасау дағдыларын дамыту мақсаттарын көздеді. Әр әдістемелік кеңесте қаралған мәселелерге қарай өзіндік ұсыныстар мен қаулылар қабылданды. Әр әдістемелік кеңесте қаралған мәселелер қорытындысы бақыланып отырылды.

**Әдістемелік қызмет проблемасын шешуге бағытталған іс шаралар (семинарлар, конференциялар т.б.)**

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін , барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйеті– адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған– рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында 2021-2022 оқу жылында мұғалімдердің іс-тәжірибелері мектепішілік,қалалық,облыстық деңгейде таратылды.

**Семинарлар өткізу.**

Қараша айында «Білім мазмұнын жаңарту аясында жаратылыстану пәндерін оқытудың тиімді жолдары» тақырыбында жаратылыстану бірлестігінің қалалық семинары қашықтықтан өткізілді. Мақсаты: Химия,биология,география пәндерін оқытуда,білім мазмұнын жаңарту аясында жаңа педагогикалық технологияларды оқу үрдісіне енгізу арқылы мұғалімдердің құзыреттіліктерін арттыру».

2022 жылдың 4 мамырында «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында табысқа жетуге жағдай туғызу тәсілдері» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің облыстық семинары өтті. Мақсаты:Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда түрлі әдістер мен тәсілдердің қолдану тиімділігі төңірегінде ой бөлісу,сабақ үдерісінде ақпаратты технологияларды тиімді қолдану.

Педагогикалық тәжірибені тарату мақсатында әдістемелік құралдар, электрондық орталар шығарылып, қала, облыс, республика және халықаралық көлемінде баяндамалар оқылып, ашық сабақтар, мақалалар республика, облыс көлеміндегі газет-журналдарға, ашық сабақтары және сыныптан тыс жұмыстар интернет сайттарына жарияланды..

Мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеруіне тәжірибе жинақтауына ерекше үлес қосатын әдістемелік шаралардың бірі-семинарларға қатысу, семинарлар ұйымдастыру. Бұл бағытта елеулі жұмыстар атқарылды. Қалалық деңгейде ұйымдастырылған ғылыми-практикалық конференция, семинар, шығармашылық есеп, дөңгелек стол, теориялық дәріс беру шараларына мүмкіндігінше мектеп мұғалімдері қатыстырылды. Қала деңгейінде өткен мұндай шараларға қатысқан мұғалімнің саны-25. Бұл ұжымның 36 % құрайды. Қаладағы алдыңғы қатарлы ұстаздардың қолданып жүрген тиімді әдіс-тәсілдерін, жаңа технология элементтерін тәжірибеде қолданылғанын көріп, өз тәжірибелеріне енгізді.

2021-2022 оқу жылында ұстаздардың әдістемелік шеберлігі, іскерлігін өзіміздің педагогикалық ұжымымызда танытып, мектепішілік деңгейде таратуға ерекше көңіл бөлінді, әрі мектепішілік ұйымдастырылған онкүндік, апталықтарға мұғалімдердің белсенді қатысуын,өзара тәжірибе алмасуын, өздерінің ұжымдас әріптестерінен үйренуге атсалысуға талап қойылды.

Жалпы оқыту мен білім беру – қоғаммен бірге дамитын үздіксіз процесс, сондықтан мұғалім- озық ой мен шынайы практиканың иесі десек, мақсат-түпкі нәтижеге қол жеткізу. Өмірдегі, қоғамдағы өзгерістерге сәйкес оқыту процесін заман талабына сай ұйымдастыру қажеттілігі өзінен-өзі туады.

Соңғы уақытта оқытудың жаңа педагогикалық технологиялары көптеп пайда болуда және олар оқушылардың білім деңгейінің көтерілуіне игі әсер етті. Оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына, шығармашылық жұмыс жасауына, пәнге деген қызығушылығының артуына пайдасы зор. Осы орайда ұжым 2015-2016 оқу жылынан бастап деңгейлік бағдарлама бойынша курстарды бітірген мұғалімдерден құрылған мектепішілік «Бастау» желілік қоғамдастық тобымен жұмыс жасауды негізі бағыт етіп алды. Мұғалімдердің сабақтарында деңгейлік бағдарламаның оқыту үрдісі қалыптасып,оқушылар жаңаша топпен жұмыс жасау әдісіне бейімделе бастады.Мұғалімдер өз сабақтарында түрлі әдіспен топқа бөледі,топтық тапсырмаларды тиімді пайдаланады.

Әр пән мұғалімі өз пәнінің ішкі болмысына қай әдістемелік әдіс-тәсіл тиімді болса, соны қолдана отырып, белгілі нәтижеге жетуді көздеп отырды. Биылғы оқу жылында да әр ӘБ – дің әр пән мұғалімдерінің жаңа технологияны қолдана білу шеберлігі мектепішілік апталықтар,өткізілген ашық сабақтар мен семинарлар кезінде байқалды. Олар: «Тілім менің –тірлігімнің айғағы», «Еңбек етсең,жетерсің мұратқа»,«Жаратылыстану ғылымының құриясы тұңғиық,Көз жетпейтін мұнарасы тым биік», «English is the global Language», «Тәуелсіздік –ел тірегі», «МИФ шіркін,life!», «Мы любим русский язык», «Бастауышым - бастамам», «Спорт-біздің тынысымыз».

Сыныптан тыс шаралар арқылы мұғалімдер оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, белсенділіктерін арттыруға елеулі әсер етті. Түрлі формада өткен шаралар арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы арттырылып, сөздік қоры, мәдениетті, сөйлеуі, эстетикалық талғампаздығы белгілі бір деңгейде дамыды деп есептеледі.

Әр бірлестік сыныптан тыс шараларды сайыс, интеллектуальды ойын, көрме, кеш, дөңгелек стол, әдеби-музыкалық монтаж, оқырмандар конференциясы, әскери спорт, жарыс, кездесу түрінде өткізді.

Шығармашылық топ мүшелерінің белгілі бір деңгейде еңбектерінің нәтижелері бар. Олимпиада жүлдегерлері, ҚҒА жеңімпаздары, шығармашылық жобалар жеңімпаздары, көркемсөз шеберлерінің жетістіктері – осы шығармашылық топ мүшелерінің еңбектері.

Сонымен қатар, 2021-2022 оқу жылында өз тәжірибесіндегі озық сабақ үлгілері, баяндамалары облыстық, республикалық басылымға жіберіліп, жарық көрген мұғалімдер бар.

*Баспа әрекеті 2020-2021 оқу жылы*

| № | Мұғалім аты-жөні | Тақырыбы | Таратылған жылы |
|---|---|---|---|
| 1 | Уразова Э | Тенденции в современном языковом пространстве как преодоление влияния интеренференции | «Мұғалімнің инновациялық қызметі-сапалы филологиялық білімнің кепілі» облыстық сырттай конференция,2021 |
| 2 | Уразова Э | Смысловое чтение как основной способ развития функциональной грамотности | «PISA –ұлттық білім беру жүйесінің негізгі көрсеткіші» республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция,2021 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | Уразова Э | Влияние цвета и цветовой семантики на дизайн мультимедийных уроков русской литературы | «Цифрлық дәуірдегі білім:теория,тәжірибе және перспективалар» халықаралық конференция.2021 |
| 4 | Кайбалдина А | Тарих сабақтарында кіріктірілген оқу іс-әрекетінің тиімділігі | «Әлемдік білім беру кеңестігіне кіру:ұстанымдар,теориясы,тәжірибе» халықаралық конференция,2020 |
| 5 | Тлегенова Б | Жаңартылған білім беру мазмұны,оның пәндерді оқытудағы өзгешеліктері | «Қазақстан жастарына білім беру контекстіндегі ғылым және білім» «Аманжолов тағылымы-2020» халықаралық конференция |
| 6 | Омарова Г | Қызықты тапсырмалар | «Самғау» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы,2020 |
| 7 | Уразова Э | Дружба –это дар | Ақтөбе облысының білім басқармасы сайты,2021 |
| 8 | Дуйисова К | Практикалық жұмыс №5,Энергияның сақталу заңы | «Ақтөбе ұстазы» ,2021 |
| 9 | Мустафина А | Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру | «Жарқын болашақ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы,2020 |
| 10 | Мустафина А | Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері | «Болашаққа бағыт» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал,2020 |
| 11 | Асимбетова Л | Рухани жаңғыру негізі әдебиетте | «Ұлы дала ұстазы»журналы,2020 |
| 12 | Кайбалдина А | Тәуелсіздігім-туыммен тұғырлы,елтаңбаммен еңселі,әнұранымммен айбатты | «Білім өркениет» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы,2020 |
| 13 | Хисамеденова А | Өсімдіктердің қозғалысы.Қозғалыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. | «Болашаққа бағыт» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал,2020 |
| 14 | Хисамеденова А | Жаңартылған білім беру жағдайындағы химия пәнінің ерекшеліктері | «Жарқын болашақ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы,2020 |
| 15 | Туребаева А | Металдарды алу | «Ұлы дала ұстазы»журналы,2020 |
| 16 | Шакирова Г | Технология пәнінің қазіргі кездегі өзектілігі | «Педагогикалық шолу» 2021 |
| 17 | Шакирова Г | Жас ұрпақ үшін еңбек пәнін оқытудың тиімділігі | «Ақтөбе ұстазы» ,2021 |
| 18 | Шакирова Г | Өнерлігe өріс кең | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы,2021ж.электронды орта |
| 19 | Шакирова Г | Әсемдік саусақ ұшында | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы,2021ж.әдістемелік құрал |
| 20 | Мустафина А | Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологиялық технолгияларды енгізу арқылы білім беру сапасының деңгейін арттыру | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы,2021ж.электронды орта |
| 21 | Мустафина А | Эсселер жинағы | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы,2021ж.әдістемелік құрал |
| 22 | Уразова Э | Актуальные проблемы педагога в современном образовании | «Педагогикалық шолу» 2021 |
| 23 | Уразова Э | Имя числительное | «Ақтөбе ұстазы» ,2021 |

*Баспа әрекеті 2021-2022 оқу жылы*

| № | Мұғалім аты-жөні | Тақырыбы | Таратылған орны,жылы |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Абдуллина А. | «Білім берудің жаңа парадигмасы: Цифрлық сауаттылық» облыстық конференция материалдар жинағына «Цифрландыру бүгінгі білім берудегі жаңа бағыт» баяндама | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы,2021 ж |
| 2 | Есекен А.Қ | «Әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігі бәсекеге қабілетті ұстаз қолында» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы | Республикалық «Өрлеу» педагогикалық шеберлікті дамыту орталығы мен республикалық «Media Bilim» журналы,2021 |
| 3 | Тынышов А | «XXI ғасырдағы ғылым және білім: Еуразия кеңістігінде даму динамикасы» II халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы,сертификат | Желтоқсан,2021 |
| 4 | Есекен А | «Жаңа ғылыми зерттеулер – 2022» халықаралық ғылыми конференциясы, Түркістан қаласы,сертификат | 2021 |
| 5 | Дуйисова К.Е | «Физика пәнінен зертханалық жұмыстарды компьютерде модельдеу» мақала | «Педагог хабаршысы.kz» Республикалық ғылымдық танымдық журналы, 2021 ж, қараша |
| 6 | Айсағалиқызы Р | «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беру:нәтижелер,тәжірибелер,мәселелер мен перспективалар» халықаралық конференциясы «Принципы инклюзивного образования» мақала | «Өрлеу» 2022 ж |
| 7 | Айсағалиқызы Р | «Цифрландыру-бүгінгі білім берудегі жаңа бағыт» республикалық ғылыми практикалық конференция «Сущность дистанционного образования и его методы» мақала | «Ұстаз» оқу-әдістемелік орталығы 18.04.2022 |
| 8 | Ізбасова К | «Цифрлық педагогика:білім беру басымдықтары» халықаралық конференциясы «Организация современного урока русского языка в условиях обновленного содержания образования» мақала | Өрлеу,13.12.2021 |
| 9 | Ізбасова К | «30 лет независимости Казахстана: достижения и перспективы развития науки и образования» «Смарт образование как перспектива системного преобразования школы» | Қарағанды университеті 26.11.2021 |
| 10 | Жугунусова Г | Бастауыш сыныпта ағылшын тілін оқытуда қойылатын талаптар | «Озат білім» халықаралық ғылыми-әдістемелік басылым,№6-7 ақпан,2022 |
| 11 | Берниязова Б | «Көптілді білім беру жағдайында ана тілін оқытуды жетілдіру» халықаралық конференция «Коммуникативтік дағдыларды дамытудағы белсенді оқу» мақала | Шымкент,2022 |
| 12 | Кайбалдина А | «Тарих сабақтарында кіріктірілген оқу іс-әрекеттің тиімділігі» мақала | Республикалық «Педагогикалық қоғамдастық» хабаршысы,2022 |
| 13 | Оразалы Г | «Климат түзуші факторлар» сабақ үлгісі | Республикалық «Педагог хабаршысы» №99 қаңтар,2022 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14 | Туребаева Айгул | «Биология пәні бойынша жаңартылған білім мазмұнына сай сабақты тиімді жоспарлау» мақала | Республикалық «Педагог хабаршысы» №97 қаңтар,2021 |
| 15 | Хисамединова А | «Термохимиялық теңдеулер және соған сәйкес шығармашылық тапсырмалар» сабақ жоспары | Республикалық «Мұғалімдер айнасы» №98 сәуір,2022 |
| 16 | Аккожина Райса | «Қан жасушаларын формасына,мөлшеріне,санына және ядросының болуына қарай салыстыру» сабақ жоспары | Республикалық «Педагог хабаршысы» №96 желтоқсан ,2021 |
| 17 | Ескарина Нургул | Сабақ жоспары | Республикалық «ILIM.KZ» журналы №3-4,2022 |
| 18 | Ескарина Нургул | «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердің ерекшеліктері мен ұқсастықтары» мақала | Республикалық «Педагогикалық қоғамдастық» хабаршысы, №4, 2022 |
| 19 | Тлегенова Багдагул | «Көптілді білім беру жағдайында ана тілін оқытуды жетілдіру» халықаралық конференция «Көптілді білім берудегі белсенді оқыту тәсілдері» мақала | Шымкент,2022 |
| 20 | Далеуова Светлана | «XXI ғасырдағы ғылым және білім: Еуразия кеңістігінде даму динамикасы» II халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы «тарихи романдарды орта мектепте оқыту мәселесі жөнінде» мақала | Желтоқсан,2021 |
| 21 | Турлыбекова Зару | «Көптілді білім беру жағдайында ана тілін оқытуды жетілдіру» халықаралық конференция, «Мәтінмен жұмыс жүргізу технологиялары» | Шымкент,2022 |
| 22 | Калиева Анаргул | «Көптілді білім беру жағдайында ана тілін оқытуды жетілдіру» халықаралық конференция ,«Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің дамуы» мақала | Шымкент,2022 |

Кәсіби байқаулар: 2020-2021 оқу жылы

| № | Аты-жөні | Тақырыбы | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Мадетхан П | «ASYL USTAZ» қоғамдық бірлестігі «Үздік педагог олимпиадасы-2020» Республикалық олимпиада | III орын,2020 |
| 2 | Кузбаева Э | «ASYL USTAZ» қоғамдық бірлестігі «Үздік педагог олимпиадасы-2020» Республикалық олимпиада | III орын,2020 |
| 3 | Мадетхан П | «Ұлы дала ұрпақтары» қоғамдық бірлестігі Республикалық олимпиада | II орын.2021 |
| 4 | Кузбаева Э | «Ұлы дала ұрпақтары» қоғамдық бірлестігі Республикалық олимпиада | II орын.2021 |
| 5 | Далеуова С | «Ұлы дала ұрпақтары» қоғамдық бірлестігі Республикалық олимпиада | I орын.2021 |
| 6 | Асимбетова Л | «Ұлы дала ұрпақтары» қоғамдық бірлестігі Республикалық олимпиада | I орын.2021 |
| 7 | Мустафина А | «Ұлы дала ұрпақтары» қоғамдық бірлестігі Республикалық олимпиада | II орын.2021 |
| 8 | Шакирова Г | «Ұлы дала ұрпақтары» қоғамдық бірлестігі Республикалық олимпиада | III орын 2021 |
| 9 | Тлегенова Б | «Ұлы дала ұрпақтары» қоғамдық бірлестігі Республикалық олимпиада | III орын 2021 |
| 10 | Хисамеденова А | «Ұлы дала ұрпақтары» қоғамдық бірлестігі Республикалық олимпиада | II орын.2021 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | Кайбалдина А | «Ұлы дала ұрпақтары» қоғамдық бірлестігі Республикалық олимпиада | ІІ орын.2021 |
| 12 | Куатова Б | «Ұлы дала ұрпақтары» қоғамдық бірлестігі Республикалық олимпиада | ІІІ орын 2021 |
| 13 | Бернниязова Б | «Ұлы дала ұрпақтары» қоғамдық бірлестігі Республикалық олимпиада | ІІІ орын 2021 |
| 14 | Махай С | «Ұлы дала ұрпақтары» қоғамдық бірлестігі Республикалық олимпиада | ІІІ орын.2021 |
| 15 | Хисамеденова А | «ASYL USTAZ» қоғамдық бірлестігі «Үздік педагог олимпиадасы-2020» Республикалық олимпиада | ІІІ орын,2020 |
| 16 | Бернизова Б | «ASYL USTAZ» қоғамдық бірлестігі «Үздік педагог олимпиадасы-2020» Республикалық олимпиада | ІІІ орын,2020 |
| 17 | Оразалы Г | «ASYL USTAZ» қоғамдық бірлестігі «Үздік педагог олимпиадасы-2020» Республикалық олимпиада | ІІІ орын,2020 |
| 18 | Мустафина А | «ASYL USTAZ» қоғамдық бірлестігі «Үздік педагог олимпиадасы-2020» Республикалық олимпиада | ІІІ орын,2020 |
| 19 | Тлегенова Б | Облыстық пәндік олимпиада | І орын,2020 |
| 20 | Уразова Э | Облыстық пәндік олимпиада | ІІ орын,2020 |
| 21 | Дуйисова К | Облыстық пәндік олимпиада | ІІ орын,2020 |
| 22 | Оразалы Г | Облыстық пәндік олимпиада | ІІ орын,2020 |
| 23 | Махай С | «Ең білімді педагог-2020» республикалық пән олимпиадасы | ІІІ орын,2020 «Білім шыңы» қоғамдық бірлестігі |
| 24 | Кайбалдина А | «Успешный учитель-будущее страны» халықаралық конкурс | І орфн,2021 Центр образования «Корифей» |
| 25 | Кайбалдина А | «Тәуелсіздігім туымен тұғырлы,Елтаңбаммен еңселі» республикалық байқау | І орын,2020 «Білім-өркениет» ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығы |

Кәсіби байқаулар: 2021-2022 оқу жылы

| № | Аты-жөні | Тақырыбы | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Дуйисова К.Е | U-STUDY мен «НҰРScience» ұйымдастырған Физика мұғалімдері арасында өткен «Пед. Олимпиада-2021» республикалық пәндік олимпиадада І орын . | 2021 |
| 2 | Дуйисова К.Е | Республикалық «Білім үздігі-2021» шығармашылық байқауына «Үздік сабақ жоспары » номинациясы бойынша қатысып үздік нәтиже көрсеткені үшін Диплом. | 2021 |
| 3 | Дуйисова К.Е | ІІ республикалық «Мәртебелі маман -2021» байқауына «Үздік сабақ жоспары » номинациясы бойынша қатысып үздік нәтиже көрсеткені үшін Диплом | 2021 |
| 4 | Есекен А.Қ | «Әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігі бәсекеге қабілетті ұстаз қолында» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы, үздік баяндама жасағаны үшін 3 дәрежелі диплом | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Жоламанов Е.М | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы<br>Пәндік олимпиада III орын. | 2021 |
| 6 | Есекен А.Қ | U-STUDY мен «НҰРScience» ұйымдастырған математика пәні мұғалімдері арасында Республикалық пәндік олимпиада I орын. | 2021 |
| 7 | Ізбасова К.К | «Ең үздік ашық сабақ» I Республикалық педагогикалық байқау I орын Диплом | Білім педагогикалық шығармашылық орталығы, 2022 |
| 8 | Жугунусова Г | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы<br>Пәндік олимпиада II орын. | 2022 |
| 9 | Сактаганова Гульмира | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы<br>Пәндік олимпиада II орын | 2022 |
| 10 | Куатова Б | U-STUDY мен «НҰРScience» ұйымдастырған математика пәні мұғалімдері арасында Республикалық пәндік олимпиада I орын. | Қазан,2021 |
| 11 | Куатова Б | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы<br>Пәндік олимпиада II орын | 2022 |
| 12 | Берниязова Б | U-STUDY мен «НҰРScience» ұйымдастырған математика пәні мұғалімдері арасында Республикалық пәндік олимпиада I орын. | Қазан,2021 |
| 13 | Берниязова Б | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы<br>Пәндік олимпиада II орын | 2022 |
| 14 | Кайбалдина А | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы<br>Пәндік олимпиада III орын | 2022 |
| 15 | Хұсайын Әйгерім | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы<br>Пәндік олимпиада I орын | 2022 |
| 16 | Хұсайын Әйгерім | U-STUDY мен «НҰРScience» ұйымдастырған математика пәні мұғалімдері арасында Республикалық пәндік олимпиада I орын | Қазан,2021 |
| 17 | Ескарина Нургул | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы<br>Пәндік олимпиада III орын | 2022 |
| 18 | Тлегенова Б | U-STUDY мен «НҰРScience» ұйымдастырған математика пәні мұғалімдері арасында Республикалық пәндік олимпиада I орын | Қазан,2021 |
| 19 | Тлегенова Б | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы<br>Пәндік олимпиада II орын | 2022 |
| 20 | Кемединова Г | U-STUDY мен «НҰРScience» ұйымдастырған математика пәні мұғалімдері арасында Республикалық пәндік олимпиада I орын | Қазан,2021 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 21 | Кшаева Жансая | U-STUDY мен «HYPScience» ұйымдастырған математика пәні мұғалімдері арасында Республикалық пәндік олимпиада I орын | Қазан,2021 |
| 21 | Сырлыбаева Галия | U-STUDY мен «HYPScience» ұйымдастырған математика пәні мұғалімдері арасында Республикалық пәндік олимпиада I орын | Қазан,2021 |

Марапаттар 2021-2022 оқу жылы

| № | Аты-жөні | Марапат түрі | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Андиров А | Қалалық білім бөлімінің басшысы М.Қосымбаевадан «Алғыс хат» | |
| 2 | Бердигалиев А | Ұлттық мектеп лигасы «Теңбіл доп» футзал жарысынан оқушыларды дайындағаны үшін «Ақтөбе-Дарын» ӨҒТО—ның директоры Н.Бекмағанбетовтен «Алғыс хат» | |
| 3 | Бердібекұлы М | Ұлттық мектеп лигасы «Теңбіл доп» футзал жарысынан оқушыларды дайындағаны үшін «Ақтөбе-Дарын» ӨҒТО—ның директоры Н.Бекмағанбетовтен «Алғыс хат | |
| 4 | Далеуова Светлана | «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында табысқа жетуге жағдай туғызу» облыстық семинар-практикумда шығармашылық шеберліктерін белсенді көрсеткені үшін «Алғыс хат» | 04.05.2022 |
| 5 | Асимбетова Лиза | «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында табысқа жетуге жағдай туғызу» облыстық семинар-практикумда шығармашылық шеберліктерін белсенді көрсеткені үшін «Алғыс хат» | 04.05.2022 |
| 6 | Мадетхан Перизат | «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында табысқа жетуге жағдай туғызу» облыстық семинар-практикумда шығармашылық шеберліктерін белсенді көрсеткені үшін «Алғыс хат» | 04.05.2022 |
| 7 | Кузбаева Эльмира | «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында табысқа жетуге жағдай туғызу» облыстық семинар-практикумда шығармашылық шеберліктерін белсенді көрсеткені үшін «Алғыс хат» | 04.05.2022 |
| 8 | Кемединова Гулнур | «Бастауыш сыныптарда оқу сабақтарын саралап оқыту әдістері» тақырыбындағы облыстық семинарға белсене қатысып,шығармашылық ізденістерімен бөлісетіні үшін «Алғыс хат» | 06.04.2022 |

**Курстан өту 2020-2021 оқу жылы**

| № | *Аты-жөні* | *Тақырыбы* | *Уақыты,сағаты* | Өткен орны | Сериясы |
|---|---|---|---|---|---|
| *1* | *Ізбасова Күнім* | *Развитие профессиональных компетенций учителя русского языка и литературы* | *11.01-22.01.2021 80 сағат (ақылы)* | Өрлеу | №0407330 22.01.2021 ж |
| *2* | *Дуйисова Клара* | *Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығын,креативтіой лауын дамыту* | *56 сағат* | НИШ | 11.08.2020 |
| *3* | *Абдуллина Айгерім* | *Информатика пәнінің мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту* | *12.04-23.04.2021 (80 сағат) ақылы* | Өрлеу | №0408104 23.04.2021 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Жаңабаева Дана | ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Қазақстан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша | 80 сағат | НИШ | 04.06.2021 |
| 5 | Уразова Эльмира | Развитие профессиональных компетенций учителя русского языка и литературы | 26.10-06.11.2020 80 сағат (ақылы) | Өрлеу | №0342056 06.11.2020 |
| 6 | Дуйисова Клара | Физика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту | 25.01-05.02.2021 | Өрлеу | №0407684 05.02.2021 |
| 7 | Омарова Гүлшат | Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру | 12.04-23.04.2021 (80 сағат) | Өрлеу (ақысыз) | №0408157 23.04.2021 |
| 8 | Исбулаева Лаззат | Бастауыш білім беру жағдайында 4К моделін жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері | 01.02-12.02.2021 80 сағат | Өрлеу | №0374255 12.02.2021 |
| 9 | Жайлышева Айнагул | Бастауыш білім беру жағдайында 4К моделін жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері | 01.02-12.02.2021 80 сағат | Өрлеу | №0374253 12.02.2021 |
| 10 | Жайлышева Айнагул | Жаңартылған б.б.м. | 120 сағат | Өрлеу | № 053436 22.09.2020 |
| 11 | Калиева Анар | Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту | 02.11-13.11.2020 80 сағат | Өрлеу | №0342177 13.11.2020 |
| 12 | Сагынова Биназир | Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру | 19.04-30.04.2021 (80 сағат) | Өрлеу (ақысыз) | №0408177 30.04.2021 |
| 13 | Кшаева Жансая | Жаңартылған б.б.м. | 120 сағат | Өрлеу | № 053582 16.11.2020 |
| 14 | Сырлыбаева Галия | Бастауыш білім жүйесіндегі оқыту әдістемесі | 160 сағат | Республикалық «Өрлеу» ҒӘО | №000564 22.04.2021 |

**Курстан өту 2021-2022 оқу жылы**

| № | Аты-жөні | Тақырыбы | Уақыты,сағаты | Өткен орны | Сериясы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бердібекұлы Мейірбек | Дене шынықтыруды оқытудағы заманауи ақпараттық-инновациялық технологиялар | 29.10.21 80 сағат | U-STUDY мен «НҰРScience» | |
| 2 | Бердигалиев Асхат | Дене шынықтыруды оқытудағы заманауи | 29.10.21 80 сағат | U-STUDY мен «НҰРScience» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ақпараттық-инновациялық технологиялар | | | |
| 3 | *Құдайсүгіров Еркін* | Дене шынықтыруды оқытудағы заманауи ақпараттық-инновациялық технологиялар | *29.10.21 80 сағат* | U-STUDY мен «НҰРScience» | №143 |
| 4 | *Карабалин Серикболат* | Развитие профессиональных компетенций учителя русского языка и литературы | *21.01.22 80 сағат* | Өрлеу | 0437322 |
| 5 | *Жугунусова Гулназ* | Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту | *24.01-04.02.22 80 сағат* | Өрлеу | 0444322 |
| 6 | *Жугунусова Гулназ* | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру жағдайында инклюзивті білім беру | *18-22.10.21* | Өрлеу | 0481963 |
| 7 | Бернизова Бибигул | Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту | *24.01-04.02.22 80 сағат* | Өрлеу | 0444302 |
| 8 | Кайбалдина Айгул | «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша | *108 сағат,2021 жыл* | ҚР ҰКП «Атамекен» | 0301 |
| 9 | Оразалы Гулдерайым | География пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту | *11-22.04.22 80 сағат* | Өрлеу | 0485454 |
| 10 | Оразалы Гулдерайым | Инклюзивті білім берудегі мұғалімдердің кәсіби дағдысы | *80 сағa, 08.04.2022* | U-STUDY мен «НҰРScience» | 562 |
| 11 | Хисамеденова Аңсаған | Инклюзивті білім берудегі мұғалімдердің кәсіби дағдысы | *80 сағa, 08.04.2022* | U-STUDY мен «НҰРScience» | 599 |
| 12 | Хисамеденова Аңсаған | Химия пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту | *18-29.10.21 80 сағат* | Өрлеу | 0436163 |
| 13 | Ескарина Нургул | Инклюзивті білім берудегі мұғалімдердің кәсіби дағдысы | *80 сағa, 08.04.2022* | U-STUDY мен «НҰРScience» | 566 |
| 14 | Сактаганова Гульмира | Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту | *28.03-08.04.22* | Өрлеу | 0485401 |
| 15 | Кемединова Гулнур | Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру | *28.03-08.04.22* | Өрлеу | 0485126 |
| 16 | Дуйисова Клара | Инклюзивті білім берудегі мұғалімдердің кәсіби дағдысы | *80 сағат 08.04.2022* | U-STUDY мен «НҰРScience» | 597 |
| 17 | Есекен Ақторғын | Инклюзивті білім берудегі мұғалімдердің кәсіби дағдысы | *80 сағат 08.04.2022* | U-STUDY мен | 563 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «НҮРScience» | |
| 18 | Жоламанов Ерасыл | Математика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту | 80 сағат 01-11.03.2022 | Өрлеу | 0484418 |
| 19 | Жоламанов Ерасыл | Инклюзивті білім берудегі мұғалімдердің кәсіби дағдысы | 80 сағат 08.04.2022 | U-STUDY мен «НҮРScience» | 568 |
| 20 | Сүйеуов Рауан | Инклюзивті білім берудегі мұғалімдердің кәсіби дағдысы | 80 сағат 08.04.2022 | U-STUDY мен «НҮРScience» | 6565 |
| 21 | Абдуллина Моншак | Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгерту | 80 сағат 16-27.05.2022 | Өрлеу | 0486297 |

Жас мамандар мектебі – жыл басында жас мамандар мектебінің жоспары бекітілді. Мектептегі жас мамандар анықталды. Жас мамандар саны – 14

Қыркүйек айында жас мамандарға тәлімгерлер бекітілді. Олар жас мамандарға іс құжаттарды жүргізуде, сабақ, күнтізбелік жоспарларын құруда, өзекті мәселені белгілеуді үйретіп отырды. Мектеп әкімшілігі тарапынан жас мамандарға әдістемелік оқыту ұйымдастырылды. Жас мамандарға арнайы отырыс ұйымдастырылып, сабаққа қатысу қорытындысы жасалып, жетістіктері мен кемшіліктері сараланып отырды. Сабақ беру кезінде әдістемелік тұрғыдан және теорияны практикамен ұштастырып, заман талабына сай жаңа технологияларды қолдана білу шеберліктерімен Есекен А,Жоламанов Е, М.Бердібек, Кшаева Ж,Айсағалиқызы Р,Сүйеуов Р, Хұсайын А. жас ұстаздар көріне білді.

**Мектепішілік бақылау қызметі: бақылау функциясының мектептің дамуына қол жеткізудегі әрекеті және нәтижелігі.**

2021-2022 оқу жылында әдістемелік қызмет бойынша мектепішілік бақылау жыл бойы жүргізілді. Тексеру қорытындысы өндірістік және директор жанындағы кеңестерде қарастырылды. Сонымен қатар, барлық пән мұғалімдерінің сабағына қатысып, талданды, жетістік, кемшіліктері сараланды. Мектепте барлығы 34 кабинет бар. Оның 11-і бастауыш сынып кабинеті және математика, физика, биология, қазақ тілі, орыс тілі, шетел тілі, информатика, интрактивті, география, бейнелеу, АӘД, тарих, құқық, технология, хореография кабинеттері.Аталған кабинеттердің құжаттандырылғаны: №21 бастауыш сынып,№38 бастауыш сынып,№28 химия,№44информатика,№45 информатика , №46 қазақ тілі,№42 жаратылыстану,№41 физика, №25 мультимедиялық кабинет,№11 бастауыш сынып кабинеті.

Бұл кабинеттердің лабораториялары бар, онда дидактикалық материалдар, кеспе, карта, плакаттар, қажетті бейне, аудио кассеталар жинақталған. Белгілі бір деңгейде толықтыру, жаңарту жұмыстары жүргізілді.

Мектепте сабақ кабинеттік жүйемен оқытылмайды, жекелеген кабинеттерде ғана, оның ішінде ағылшын тілі, орыс тілі, технология, информатика, физика кабинеттерінде сабақ кабинеттік жүйеде оқытылады.

**Бейіндік оқыту жағдайы**

2021-2022 оқу жылында №38 мектептің 11 - сынып жаратылыстану-математикалық бағытта, 10 «А» сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыт,10 «Ә» сынып жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылды. Бұл сыныптарда «Жоғары математика есептерін шығару», «Химия заңдылықтары мен есептеулері», «Экономикалық география», «Өркениет әлемінде» , «Абайтану»,

«XVIII -XX ғасырдағы ұлт –азаттық көтерілістер», «Жалпы биология негіздері», «Ғылым мен техникадағы физика», «Математикалық сауаттылық: ойлау,болжау,дәлелдеу».

Аталған курстар бойынша пән мұғалімдері мақсат міндеттеріне сай жұмыс жасап, оқушылардың білім дағдыларын қалыптастырды. Курсты оқыту барысында өз бетінше іздену жұмыстары жиі жүргізілді., оқушылар партфолиосы жинақталды, сөйлеу мәнері жетілдірілді, практикалық жұмыс түрлері жүзеге асырылды. Курсты оқыту барысында кездескен қиындықтар: оқулықтың жоқтығы, нақты әдебиеттердің көрсетілмеуі.

**Педагогикалық ұжымдар мен оқушылар ұжымының сыртқы ортамен байланысы**

Әркез өз білімдерін толқытырып, кәсіби деңгейін үнемі көтеріп, отыру-барлық мұғалімдердің міндеті. Сондықтан мұғалімдердің кәсіби білімін көтеру мақсатты түрде жоспарланды. Біріншіден, оқу жылының басында әр мұғалімнің өз мамандығына сай басылымдарға жазылуы жүргізілді. Мектеп мұғалімдері «Бастауыш мектеп», «Физика», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Математика», «Қазақстан мұғалімі», «Қазақстан мектебі», «Русский язык и литература в казахской школе», «Қазақ әдебиеті», т.б. газет-журналдарына жазылды. Бұл педұжымның 87% қамтиды. Сонымен қатар, облыстық білім жетідіру және қайта даярлау институтының ұйымдастыруымен өткізілген курстарға мұғалімдер жоспарға сай жіберіліп отырылды.

Соңғы екі жылда ОКБА ҚДИ-де өз білімін көтерген мұғалімдер төмендегідей көрсеткіштерді көрсетті:

| Барлық мұғалім саны | 2020-2021 оқу жылы | | Барлық мұғалім саны | 2021-2022 оқу жылы | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Курста болған мұғалім саны | Пайыз | | Курста болған мұғалімдер саны | Пайыз |
| 65 | 7 | 11% | 70 | 22 | 30% |

**Әдістемелік қызметтің соңғы нәтижесін бағалау.**

Мектептің жалпы әдістемелік жұмысын талдай келе шығатын қорытынды:

- Жылдық әдістемелік жұмыс жоспарлы түрде нақты жүргізіліп, мақсатына жетті.
- Мұғалімдердің кәсіби біліктілік деңгейлерін көтеруге бағытталған жұмыстар жақсы деңгейде ұйымдастырылды.
- Тәжірибе алмасу, мұғалімдердің шеберліктерін шыңдау мақсатында ұйымдастырылған әдістемелік семинарлар апталықтар, онкүндіктер, жақсы деңгейде нәтижелі өтті деп бағаланды.
- Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасы практикада жүйелі, нәтижелі қолданылып келеді.
- Дарынды балалармен жұмыс жүлделі табыстармен нәтижелі болды.
- Облыстық басылымдар арқылы бірнеше мұғалімнің сабақ жоспарлары, баяндамалары баспа беттерінде жарық көрді.

**Кемшіліктер:**

1. қалалық, облыстық олимпиадада орындардың аздығы.
2. Қалалық,облыстық деңгейде тәжірибе таратуға ұстаздардың белсенділік танытпауы

**Жаңа оқу жылына міндеттер:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын негізге ала отырып, мемлекеттік білім стандартында көрсетілген міндетті базалы білімді әрбір оқушынының меңгеруін қамтамасыз ету.

2. Инновациялық технологиялар арқылы оқушылардың танымдылық белсенділігі мен шығармашылық қабілеттіктерін дамытуға жағдай жасау.
3. Білім мазмұнын жаңарту (вариативтік, тереңдетіліп оқытылатын қосымша пәндер енгізу);
4. Әр оқушының білім деңгейін көтеруге шығармашылық қабілеті мен мүмкіндігін жүзеге асыруға негізделген диагностика жүйесін жетілдіру;
5. 9,11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға, мамандық таңдауға байланысты дайындық жұмыстарының әдіс-тәсілдерді жетілдіру;
6. Ғылыми-практикалық және ізденіс және жобалық жұмысты жалғастыру, оқушылардың интеллектауалдық, логикалық ойлау дамуының жаңа формаларын құру және қолданысқа енгізу;
7. Дарынды оқушыларды педагогикалық–психалогиялық сүйемелдеу, қолдау жұмыстарын жүргізу арқылы «Дарынды оқушының моделіне» сай тұлғаны қалыптастыру.
8. Оқушылардың құзіреттілігін бақылау деңгейін жеке портфолио арқылы жетілдіру;

Мектеп директоры Л.Ш.Урекешова

Директордың орынбасары С.А.Далеуова